

«Қазақ мұнайының ардақтылары» атты өмірбаян сериясы Қазақстан Республикасы экономикасының кіндігі болып, бар саласына нәр беріп, әлемдегі мұнайлы елдердің қатарына қосылуына ерен еңбек сіңірген мұнайшы ардагерлерімізге, олардың тәуелсіз еліміздің тарихында сақталатын өшпес есімдеріне арналған.

Бұл серияның негізгі демеушісі – егемендігіміздің қабырғасы қатып, бұғанасы бекуіне өлшеусіз зор үлес қосып, еліміздің мерейін асырып, ырысын тасытып отырған ең басты дәулетіміз – қазақ мұнай өнеркәсібін кең қарымды өркендетудің флагманы ретінде танылған «ҚазМұнайГаз» ҰК» Акционерлік қоғамы.

**Н.Ә. Марабаев атындағы  
«Мұнайшы» қоғамдық қоры**

# ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ

Өмірбаян сериясы

Басталуы – 2006 жыл



Үміт ЖӘЛЕКЕ

# АМАНЖАН ӨТЕСІНОВ



Алматы 2015

ӘОЖ 622.32  
КБЖ 26.343.1  
Ж 36.

**Жәлеке Ү.**

- Ж 36. **АМАНЖАН ӨТЕСІНОВ** / Үміт Жәлеке. – Алматы: «Мұнайшы» қоғамдық қоры, 2015. 192 бет, 24 бет жапсырма. Қазақ мұнайының ардақтылары. Өмірбаян сериясы.

ISBN 978-9965-816-71-0

*Бұл кітапта отандық геология саласына 43 жыл ғұмырын арнаған, сонау Башқұртстанның Нефтекамск жерінде, Қаратонда, Өзенде, Қауынды, Көкімбай, Түрікменой сияқты Маңғыстаудың көптеген алаңдарында айшықты іздері қалған әмбебап маман, мемлекеттік деңгейдегі түрлі марапаттардың иегері Аманжан Өтесіновтың өмір жолы шебер тілмен баяндалады. Бұрғышылық, геолог мамандығымен қоса, аса ірі мұнай-газ өндіру басқармасының кәсіподақ және партия ұйымдарына жетекшілік еткен көрнекті тұлғаның өмір жолы кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық.*

ӘОЖ 622.32  
КБЖ 26.343.1

ISBN 978-9965-816-71-0

© ОФ «Мұнайшы», 2015

---

# *Парасат пен парыз*

*(Кіріспе)*

Өзен тарихында Өтесіновтар екеу. Алғашқысы – аты аңызға айналған Рахмет Өтесінов. Ал біздің кейіпкеріміз – Аманжан Нұрғалиұлы Өтесінов. Жылойда дүние есігін ашқанмен, бүкіл саналы ғұмырын – жастығын, жігіттік дәуренін, есейіп, егде тартқан шағын Өзенде өткізген адам. Өзен үшін сіңірген өлшеусіз еңбегінің арқасында 1999 жылы «Жаңаөзеннің құрметті азаматы» атанды. Мұндай атаққа ие болу үшін бұл жерде 40 жыл тұрғылықты адам, жұмыста маман кадр, қоғамда абыройлы азамат, отбасында өнегелі ата-ана, ең бастысы – елге сыйлы кісі болуың керек. Бұл тек қажетті шарттардың бірсыпырасы. Ал Аманжан Нұрғалиұлының бір басында осы қажеттіліктердің бәрі тоқайласқан. Жай сөйлейтін, сабырлы, адамға жанашырлығы лебізінен байқалып тұратын Әбекенді білетін адамдар бұл сөзге күпірлік келтіре қоймас. Қаланың құрметті азаматы атанған адамдар көп емес. Бұл тізімнің бәрін болмай-ақ, бірқатарын атап өтсек, оқыған адам оның қадір-қасиеті мен салмағын түсінер. Рахмет Өтесінов, Ханзиба Есмұрзина, Ғазиз Әбдіразақов, Сақыш Қарабалина, Асылбек Айдаров, Тыныштық Базарбаев, Нұр Өтебаев, Махамбет Батырбаев ...

Бұл тізімді толықтырар тұлғалар арамызда әлі де бар. Бүкіл өмірін Өзенге арнаған осындай жандардың қатары көбейе береріне сенеміз. Жалпы кез келген адам өзінің туған жерінің атын өмірлік паспорты секілді ғұмырының ақырына дейін алып жүретіні белгілі. Себебі,

адамның бірнеше жерге қоныс аударып, талай жердің тұз-дәмін татуы мүмкін. Ал туған жер қашанда жалғыз. Одан бөлек бүкіл өмірі өткен туған жерге бергісіз жанына ыстық, жүрегіне жақын өмірлік тұрағы болады – бұл сол туған жерден бір де кем емес, кейде тіпті артық мекен. Әбекең үшін Өзен сондай жер. Бір шақтары әкесі Әбекеңе: «Жасым ұлғайып келеді, ауырарымыз бар, сырқарымыз бар, жанымда бол. Елге қайт», – деп тілек айтқан көрінеді. Сонда Әбекең: «Мен Өзенде – Аманжанмын, ал Құлсарыға барып кім болам? Арамыз жақын ғой. Ауырып-сырқасаң, барып тұрармын. Болмаса, Өзенге өзіңді көшіріп алайын», – деп, бармай қалыпты. Бұдан оның Өзенге бауыр басып қана қоймай, әрбір тасымен біте қайнасып кеткенін байқауға болады. Өмірінің өзегіне айналған Өзенін қалай қисын-ау!

Өзен мұнайын өндіретін кәсіпорынның тұңғыш басшысы, қаланың іргетасын қаласқан, бір сөзбен айтқанда, кіндік әкесі – Рахмет Өтесіновтың Әбекең туралы айтқан мына сөздері біраз сырды аңғартады:

«Сен еңбек жолыңды Өзеннен бастап, Өзеннен аяқтағалы отырсың, бұл адам қызығарлық тұрақтылық.

Өзеннің өсіп-өркендеуіне бір кісідей-ақ еңбек сіңірдің. Ол ескерусіз қалмақ емес. Өзен кен орнының игерілу тарихындағы ең ауыр да жауапты жылдар сендердің үлестеріне тиді. Сендер ол міндетті абыроймен арқалап шықтыңдар.

Өзеннің қазіргі көз тартар көркі, ел алдындағы абырой-атағы сен сияқты байырғы мамандардың, адал ұлдарының еңбегінің нәтижесі».

Иә, бәріміз ардақ тұтатын абзал азамат, аңыз адамның парасатты пікірімен санаспай көр. Тура сөз, шын сөз кім-кімді де өзіне бас игізер. Дана қазақтың шалдары айтқан ғой: «Сөзді шын тоқтатар, суды шым тоқтатар» деп. Шын сөзге кім тоқтамас? Осы бір қысқа да болса, нұсқа пікір – Аманжан Нұрғалиұлының бүкіл өміріне берілген баға десек те, болғандай-ау!

Бүкіл еңбек жолын бір мекемеде жүріп өткен адамдар кездеседі. Бір мұнайшы апамыз қатарластарына мақтанады екен. «Менің еңбек кітапшамда: «Өзенмұнайгаз» басқармасына жұмысқа қабылданды» деген бір ғана жол бар деп. Мақтаншақтық адамға жараспайтын мінез десек те, осы бір ауыз сөз – мақтануға тұрарлық сөз емес пе?

Осындай мақтанашты Құдай тағала біздің кейіпкеріміздің маңдайына да жазыпты. Бұл, шынында да, абыз аға айтқандай, «адам қызығарлық тұрақтылық»!

Ал енді «Өзеннің өсіп-өркендеуіне бір кісідей-ақ еңбек сіңіру» деген кез келген кісінің пешенесіне жазыла қоймаған бақыт шығар?! Несібесіне сол бақыт бұйырған аздаған жандардың бірі, тағы біздің кейіпкеріміз – Аманжан Өтесінов. Қызықты қараңызшы, екеуінің де тегі – Өтесіновтар екен-ау. Бұл не? Ұқсастық па, әлде жоғарыдан бұйырған абырой ма? Меніңше, соңғысы. Иә, сөз жоқ, абырой, атақты фамилияның атына шаң жұқтырмай, абыройға бөлей түсу де кейбіреулердің қолынан келе бермес қасиет. Өзінің алдында аты тірі кезінің өзінде аңызға айналып кеткен заңғар тұлға – Рахмет Өтесінов тұрса, сол заңғар биіктіктің көлеңкесінде қалмай, Өзен көкжиегінен тағы бір толағай тұлға – Аманжан Өтесіновтың өсіп шығуы ерлік емей, еңбек емей, немене?! Ақырында екеуінің де есімі Өзен тарихында – «Жаңаөзен қаласының құрметті азаматы» деген алтын әріптермен жазылып қалды.

Ал өз өмірінің ақырына дейін Өзеннің қоғамдық, өндірістік ауарайымен тыныстап отырған абыз аға: «Өзен кен орнының игерілу тарихындағы ең ауыр да жауапты жылдар сендердің үлестеріне тиді. Сендер ол міндетті абыроймен арқалап шықтындар», – десе, біліп айтқаны. Біз бұған күмән келтірмейміз. Ол кісінің аруағының алдында күмән келтіру – күпірлік болар. Өзі жүрген жолдың жеңіл болмағанын да білеміз. Бірақ шыншыл жүрек, өндірістің жұмыс ырғағын тамыршыдай тап басып тани білетін мұнай білгірі – Өтесінов Рахаң солай десе, сенбеске, бас имеске лаж жоқ. Себебі шамадан асырып сөйлемейтін, шындықты өмірінің бағдаршамындай алға ұстап өткен «Өзеннің кіндік әкесі» асылық айтпағанын білеміз.

Былтыр, 2014 жылы Өзеннің 50 жылдығы аталып өтті. Сол шаралардың басы-қасында жүрген азаматтар жас ұрпаққа үлгі боларлық үлкен іс тындырды. Өзен мұнайын, алғашқы мұнай фонтанын аттырған ардагер барлаушылардың аттарын, ең алғаш келіп қоныстанған адамдардың, Өзенге еңбегі сіңген мамандардың есімдерін есте қалдыру мақсатында екі жерге ескерткіш тақта орнатты.

Мұның ішінде Өзеннің алғашқы мұнайын ашқан Михаил Кулебакин, Губанов Алексей, Алданов Қали, Опиев Тынышбай, Қадыров Төреғали, көмекшілері Арғынбаев Демесін, Денов Сапар, Қараев Еділбай, Қарамырзаев Болатбай, Жалғасбаев Қартбай, Көшерев Ершал, Қартбаев Дінасыл, Көшкінбаев Нұрберген, Шүйішбеков Жылқыбай, Мұртазин, Багаутдинов Сағит, Қыдырбаев Бітім, Құжалов Бактыбай, Любиш Аван, Қашаубаев Меруасия, Ыбыраев Байтөре, Мағрупов, Батыршиев Арыстан, Ханзиба Есмұрзина, Ғазиз Әбдіразақов, Дүйсен Үсенов, Зейнолла Ысқақов, Тынышбай Опиев, т.б. көптеген алғашқы барлаушы-мұнайшылар бар.

Кейінгі кезде Өзеннің көшелері ардагер мұнайшылар атымен атала бастады. Бұл да Аманжан Нұрғалиұлы, Асылбек Айдаров, Болатбай Қарамұрзиев, Тыныштық Базарбаев, Жаксылық Көңілімқосұлы секілді ардагер ағалардың мұрындық болуымен жүзеге аса бастаған игі бастама.

Жалпы Өзен тарихында Орынбай Бердіғожин, Рахмет Өтесінов, Нұрлыхан Бекбосынов, Нәсіпқали Марабаев, Халила Махамбетов, Қамысбай Мырзағалиев, Сайлау Жылқайдаров, Аманжан Өтесінов, Александр Александров, Александр Павлович Еремін, Аллахверді Беквердиев, Смағұл Жалғасбаев, Ақжан Қадымова, Зоя Маликова, Қарлыға Қарамбетова, Сәбит Әбенев, т.б. маман-мұнайшылар есімдері көпке белгілі. Бұл тізімді жүздеп, мыңдап жалғастыра беруге болады.

Болашақ жастар бұлардың жапан түзден Жаңаөзен секілді қала тұрғызғанын, оның мыңдаған адамдардың төгілген терімен, ерен еңбегімен бой көтергенін ұмытпауы тиіс.

Заманында гүрілдеген Өзеннен кейінгі жылдары көшіп кетушілер көбейді. Кім қайда, көбісінің ат басын тіреген жері жүз елу шақырым жердегі – Ақтау. Бір мезгілдері облыс орталығы Өзенге ауысады екен деген қаңқу шығып, жасыратыны жоқ, бәріміз де іштей қуанып жүрдік. Бірақ олай болмады. Ақырында әркім әр жаққа қоныс аудара бастады. «Өзен қандай болды? Родной наш Узень!» деген талай өзге ұлт өкілдерінің сағынышқа толы хат-хабар жібергенін көргенбіз. Кезінде сан ұлттың баласына баспана, бақыт ордасы болған біздің



туған Өзеніміздің даңқы әлі де жер жарады. Бүгінде бүкіл жер-дүние білетін батыр қала Өзенді біз әрдайым мақтан тұтамыз.

Өзен – ерекше тағдырлы, өр мінезді, табиғаты бөлек, өзіндік бет-бейнесі бар, бірегей қала! Оның аты әуелі №1 скважинадан шапшыған мұнай бұрқағымен шарықтай биікке самғаса, кейінірек 1989 жылы 16 шілдеде тарих бетінде «Өзен оқиғасы» атауымен қатталып қалған саяси буырқанысымен шырқау көкке көтерілді. Дүниежүзін елең еткізген «тентек» қала өз есімін тағы да жер әлемге жария етті.

Өзен – ерлік пен еңбектің үлгісі! Абырой-бедел адамға ерен еңбектің, қоғамға сіңірген өлшеусіз күш-қайраттың арқасында келетін болуы керек. Аманжан Нұрғалиұлының бүгінгі бағындырған биіктігі, алған асуы – сол халыққа арнаған өмірі мен өлшеусіз еңбегінің арқасында ие болған абырой-беделі.

Халықта «Қасықтап жиған абыройды шөміштеп төкпе» деген сөз бар. Бұл адам абыройының бұл өмірдегі орасан ауыр салмағын аңғартса керек. Демек, адам абырой көліне шолп ете қалмайды, абырой биігіне бір аттап көтеріле алмайды. Ол дегенің – мысқалдап жиылып, жылдар бойы биіктеген өмірлік дәреженің өлшемі. Оны жинау мен оған жету қандай қиын болса, төгу мен құлдырау да сондай оңай секілді. Соған қарағанда, оны өз дәрежесінде ұстап тұру да үлкен ақыл мен парасатты қажет етеді. Және бүгінгідей аумалы-төкпелі заманда өте үлкен ақылды. Ал ол ақыл Әбекеннің басынан табылатынына шүбәміз жоқ!

Кейде үлкен сахнадан бір-екі жылдың көлемінде ән салып, халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп жатқан жап-жас «жұлдыздарды» көргенде, «Бұлар халық үшін не тындырды? Тек аз мезеттік көңілін көтеріп, қуаныш сыйлағаны болмаса, ал өмір бойы халық үшін қалтқысыз қызмет еткен еңбек ардагерлері неге осындай сый-құрметке бөленбейді?» деген сұрақ мазалайды. Әлде «Адамды адам еткен» еңбек, культ болмай қалды ма? Заман қалай-қалай құбылып барады? Бүгінгі қазақ жастары арасында белең алған жалқаулық пен жатыпшіерлікке құштарлық осындай «жұлдызды» көрермендер арасынан көбірек шығып жатпасын?! Кейде қаршадайынан қазақ еліндегі құрылыс аландарында жанкештілікпен жұмыс жасап, өз

жастарымызға тиесілі несібе – теңгеден мол табыс тауып жүрген өзбек жастарын көргенде амалсыз «Бізде осы еңбек насихаты азайып бара жатқан жоқ па?» деп ойға қаласын.

Өмірде адам еңбегінен қымбат не бар? Біздің кейіпкеріміз – сол еңбек атты ұлылықты өмір бойы пір тұтып, еңбек ерлеріне табынған ұрпақтың өкілі. Мемлекеттік басты белгісіне балға-орақты бейнелеген Кеңестер Одағының басты ұраны: «Құрмет пен даңқ – еңбек еріне!» болатын. Ал қоғамдағы жатыпішер, жалқаулар: «Жалқаулық – ұят!» деген өткір сынмен аяусыз сыналатын. Сонда да ішінара жұмыстан бой тасалап жүретіндер табылатын.

Ал еңбекті өмірінің басты мұраты етіп алған жандар да аз емес. Олар жарты сағат жұмыссыз қарап отыра алмайды. Қолдары алдына сыймайды. Соның бірі – біздің кейіпкеріміз. Иә, 38 жылдық еңбек өтілі, оған жыл жарымдық еңбек тәжірибесін қосыңыз. Сонау 1964 жылы мектепті бітірген күннен бастап, оның басты мұраты – мұнайшы маман болу еді. Ол кезде Жылоймен жалғас жатқан қазыналы түбек Маңғыстаудың аты жер жарып тұрған. 1961 жылдың 5-інен 6-сына қараған түні тұңғыш рет Маңғыстау атын бүкіл Одаққа паш еткен мұнай фонтанының атқанына да үш-төрт жыл болған. Мамандар Жетібай мұнайын сапалы деп бағалап, бағасын берген. Ал одан соң іле-шала 1961 жылдың 17-желтоқсанында Өзен дөңіндегі №1 скважинадан атқан мұнай фонтаны Өзеннің мұнай теңізіне жол ашқан үлкен істің басы еді. Кен орнының аса аумақты көлеміне қарай мұнайшылар аузында «Алып» деген атауға ие болған Өзен мұнайының болашағы зор еді. Сол «Алыпты» игеруге Одақтың түкпір-түкпірінен селше қаптаған талапкерлер мұнай даңқын аспандатып жіберген. Олардың осынша жойқын күшпен қаптауына себеп болған әуелі Маңғыстаудың жергілікті халқының аздығы болса, екінші Одақтағы кедей, өндірісі жоқ жерлердің адамдарын осында тоғытуды көздеген Одақтық кеңес-партия басшыларының құйтырқы ісі еді.

«Өзен халқы 25 мыңнан 130 мыңға өсіп, күннен-күнге көркею үстінде. Күні бүгінге дейін «Алыптың» қорынан 360 млн. тоннадай қара алтын өндірілді, әлі де болашағы зор!» – дейді ардагер геолог Аманжан Өтесінов.

Иә, қазір бұдан он жыл бұрынғы Өзенді көргендер танымай қалары сөзсіз. Бұрын қозы өрісі, түйе жайылымы болған жерлерде көшелері оқтай түзу, алыстан ағарандап көз тартатын еңселі үйлері сап түзеген ауылдар пайда болды. Біреу емес, бірнешеу. «Астана», «Мұнайшы», «Рахат», «Арай» ауылдарының етек-жеңі жайылып, бір шеті Теңге ауылымен қосылып кетті.

Туған жерім – Өзеннің 50 жылдық тойына:

*Батыр қала, жасыл қала, бақ қала,  
Бәйге-күнге жүйріктерін баптаған.  
Арқасында береке мен бірліктің,  
Құтты болсын, әр қадамың аттаған.*

*Өмір-жолда өрлей берсін шабысың.  
Арта берсін даңқың менен табысың.  
Туған жерім, әнім, жырым – Өзенім,  
Көркейе бер, келер күннің таңы үшін! –*

деп өлең арнап едім.

Өзен туралы сөзімізді осы өлеңмен түйе тұрып, кейіпкер өміріне оралайық. Құрметті оқырман! Аманжан ағамыздың осы қызығы мен шыжығы, қиянаты мен әділеті, қақтығысы мен қайырымы жетерлік дүниеуи-тірлікте жүріп өткен 72 жылдық ғұмыр жолымен танысқыңыз келсе, мархабат!



---

## Бірінші бөлім

### *Туған жерге тартқан ұл*

Жылыой! Ел аузында Кең Жылыой аталады. (Жылықосын, Ембі аталған да кездері болды).

Атының өзі адамның көкірегіне жылылық ұялататын осы бір өлке туралы не білеміз? Жылыой бізге несімен қымбат?

Жылыой – киелі жер. Исі қазаққа пір атанған Бекет атамыздың туған жері. Ұшқан ата, Сұпы ата, Қараша т.б. әулиелі орындар бар.

Кеңес өкіметі орнағанға дейін Байұлдары – адайлар, шеркештер, таздар, ысықтар т.б. Жылыой аймағын, Жем-Сағыз, Қайнар өзендерінің бойын, одан әрі Орынборға дейін көшіп-қонып, жаз жайлап жүрген.

Жылыой – тарихы бір-бір дастанға жүк боларлық Төремұрат, Нарынбай, Өтен батырлардың, Қыз Данай арудың, Қашқынбай, Бала Ораз ақындар мен Дәден бидің атамекені.

Төремұрат – Жем бойын көпке дейін патша отаршылығына бермей, алысқан батыр. Оның анық кім екенін бала Ораз ақын Мұрат ақынмен айтысқанда былай деп суреттеген:

*Төремұрат, Нарынбай,  
Өтен деген ерлерім,  
Сол ерлерім барында,  
Қолдан намыс бермедім.  
Құлшылыққа көнбедім,  
Жемнің бойын алдырмай,  
Жемге қала салдырмай,  
Дұшпанға қылыш сермедім.*

Төремұраттың аты кейін бүкіл таз руының ұранына айналған деседі.

Кең Жылыойдың батыр ұлдары Кеңес Одағы тұсында да көзге түсті. Ұлы Отан соғысында мерген Есқайыр Халықов осы батырлардың ерлік даңқын жалғастырды. Мұнай майданында ерлік көрсеткен Әбді Дүйсенов пен Ұлықпан Әбдірахманов Социалистік Еңбек Ері атанды.

Жылыой – Зейнолла Қабдолов, Қабиболла Сыдықов, Аманқос Ершуов, Жанаш Нұрмаханов, Сұлушаш Молдажанова, Мәрзия Аяғанова, Маржан Ершуова секілді ғалымдар мен ақындардың, ұстаздардың туып-өскен жері.

Жылыой – ең бірінші қазақ мұнайының фонтаны атқан қазыналы жер.

1889 жылы Қарашүңгіл деген жердегі № 7 скважинадан шыққан мұнай көзі тәулігіне 5 мың тонна беріп тұрған. Қазақстандағы мұнай өндіретін ең ірі өңір саналады. Теңіз, Шығыс Қашаған, Королев, Құлсары, Қаратон, Қосшағыл кен орындары бар.

Жылыой ауданы – Маңғыстау түбегімен шектесіп жатқан аймақ. Орталығы – Құлсары қаласы. Қаратон, Қосшағыл, Сарықамыс, Ақкиізтоғай, Майкөмген, Тұрғызба, Шокпартоғай елді мекендері бар. 77 мыңның үстінде халқы бар.

Тағы бір ойға оралатыны:

«Жылыойдың таң қаларсың қызын көрсен»... деп келетін ән. Жылыой арулары шетінен сұлу келетін болғаны-ау! Сондай арулардың бірі Данай мен Төремұрат батырдың арасындағы сүйіспеншілік оқиғасы – Ақбөбек –Қайыптың махаббаты секілді баянсыз әңгіме. Бірақ қалың елдің аузында Қайыптың әні қалғаны секілді, бұл екеуінің де артында мұңды тарихы қалды. Аңызға айналып кеткен тарих. «Қыз Данайдың дауындай», «Қыз данайдың қырғыны» деген жағымсыздау тіркестен бөлек, Төремұрат батырдың досы Құрманғазы Данайдың сұлулығына тәнті болып, «Қыз Данайдың жүрісі», «Қыз Данайдың күлкісі» деген күй шығарған.

Аманжан Нұрғалиұлы 1943 жылдың 5 мамыры күні, сәрсенбінің сәтінде Жылыой топырағында, Қараша ауылында дүниеге келген. Қараша ауылы сол кездегі «Қызыл ту» колхозының орталығы болған елді мекен болатын. Айналасы сулы, нулы, маңында Сұпы ата кесенесі бар.

Заманында әрі ел қорғаған батыр, әрі елге зайырлы әулие болып, кейін Сұпы ата атанған Аманжол 1823 жылы Жылыой өңірінде туған халыққа қайыры тиген кісі екен.

«Қызыл ту» колхозы мал өсіріп, тары егіп, шаруашылықпен айналысқан адамдардың ұйымдасқан ортасы болған.

Соғыстың нағыз түтеп тұрған кезінде дүниеге келген сәбилердің балалық шағын көзге елестетудің өзі қиын. Оның үстіне асыраушы әкесі 1943 жылдың күзінде майданға аттанып кетеді. Жалғыз ұлын аш қылмаудың қамын көздеген Теңге колхоз жұмысына күні-түні бел шешпей араласты. Бір Теңге емес, ол кезде бүкіл елдің әйелдері, еңбектеген баладан басқа қыбырлаған жаны Отан қорғап, от пен оқтың арасында жүрген ер азаматтардың орнында жұмыс істеді. Таңның атысы, күннің батысы малдың соңында, елдің күш біріктіріп еккен егінінің шетін күзетумен жүрді. Ол кезде колхоз мүшелері сол ұжымның басыбайлы құлы секілді еді. Қайда жұмсаса, сонда барады. Тары піссе – оракқа, қырман бастыруға, жазғытұрым мал төлдесе – қозы салысуға, күземде – қырқымға – мігірсіз мехнатты еңбек. Қойшы, сонымен жеңіс таңы да атты-ау. Ер-азамат елге қайта бастады. Нұрғали да ауылға оралды.

## ӘКЕ ҒИБРАТЫ

Аманжанның әкесі Нұрғали Өтесінұлы 1901 жылы туған. Берлинге дейін барған Ұлы Отан соғысының ардагері. Ұзақ жылдар бойы барлау, бұрғылау, іздестіру экспедициясында еңбек етіп, саналы ғұмырын осы салаға арнаған жан болатын. «Қайран, біздің әкелер, арды ойлаған» деп, ақын айтпақшы, ол заманның адамдарының өмір сүру «ережесі» бүгінгі заман жастарынан гөрі бөлектеу болатын. Олар ата-баба рухының алдында да, келер ұрпақ алдында да адал болды. Олардың маңдайына қиын кезең тап келді. Соғыста оқ пен оттың ортасында жүрді, елге оралғасын да бел шешіп, керіліп жатпады. Еңбек майданына араласты. Керзі етіктері аяғынан, мақта күртелері иінінен түспей, қиындау, ауырлау уақытта өмір сүрді. Оның үстіне мұнай барлаушы болса, тірліктің қиындығы екі еселеніп шыға келеді. Бір қарт мұнайшы: «Дүниеде бұрғышыдан ауыр жұмыс жоқ» деп еді. Нұрғали марқұмның маңдайына сол бұрғышының көмекшісі, бұрғышы болу жазылыпты.

Соғыстан аман-есен оралған Нұрғали жаңадан ашылып, маңына

ел жиыла бастаған Құлсары кен орнына қатынап жұмыс қарайды. Жұмыс қолы тапшы кез. Бұраубайға бұрғышының көмекшісі болып жұмысқа тұрды. Бақытына қарай, кейін Социалистік Еңбек Ері атанған Махутов Әбілғазы секілді майталман шебердің қарауына тап болды. Кейін Тақырбұлақ, Мұнайлы, Қаратон, Опорный кен орындары аландарына бұрғы салған атақты бұрғышы болды. Жиырма шакты үй бір бұраубайдың соңында көшіп жүреді.

Әкесі Боранқұл кен орнын ашқан ардагер бұрғышылардың бірі болғасын, кішкентай кезінен мұнайшы болуды армандады. Әр жасөспірімнің өз әкесіне еліктейтіні белгілі ғой. Әкесінің барлаушы болуы интернат түлегі Аманжанға әсер етпей қоймады. Әкесінің отбасында отырып, бұраубайда болып жатқан жұмыстар туралы әңгімелері жас баланы мұнайшылық кәсіптің қыр-сырына қызықтыратын.

Барлаушыларды жұрт «Көшпенділер» атайтын. 1949 жылы, Аманжанның алты жасында үй ішінің тракторға тіркеген салазкімен Қаратоннан Опорный-2-ге көшкені есінде қалыпты. Опорныйда (Боранқұлда) 3 класқа дейін оқыды. Опорныйдан 20 шақырымдай жерде, Маңғыстау ауданының ферма орталығы Бұғабайда малшылардың балалары оқитын интернат болды. Қанша дегенмен, интернаттың аты – интернат, өз үйіндей бола ма, оқушы бала сенбі күні сабақтан тарасымен ауылға қарай ұша жөнеледі. Алып ұшатын балаң көңілі, ал өзі шешесі аз айлықтан қымқырып, тиын-тебен жинап, алып берген велосипедпен зырғиды. Жас балаға елсізбен 18-20 шақырым жер жалғыз жүру оңай емес. Екі ара құмақ. Қара жолдың орта тұсында моншақтай саудыраған шағыл төбелер бар. Сол жерден өту қиындау. Қатқыл жерде зырлағанмен, велосипед құмға малтығып, кәмірі орта беліне дейін шағылға кіріп кетіп, жүргізбейді. Бірақ Аманжан жүрдек көлігінің ерінен сыпырылып түсе қалып, велосипедін рөлінен итеріп, тақырға жеткенше жаяу жүреді. Ауылдың төбесі көрінгеннен үй жаққа қарайды. Есік алдында күйбеңдеп, таба нан көміп жүрген шешесін байқаса, қуанып кетеді. Анасы өзінің бүгін қалай да ауылға келетінін біліп, қамданып жүргенін сезеді. Шешесі бар жылы-жұмсағын отбасындағы жалғыз бала Аманжанға сақтайды.

Нұрғалиқызы Әсия ағасының балалық шағы туралы:

«Біз бір үйде екі бала болдық. Аманжан ағамыз екеуміз. Арамыз

алшак. 15 жастай. Бала кезінен бауырмал. Ауылда мектеп болмай, интернатта жатып оқыды. Оның каникулға келгені біз үшін той болатын. Әкеміз мал сойып, ауылдың бар адамын шақырады. Жұрт: «Нұрғалидың баласы келіп жатыр екен ғой», – деп, біздің үйге жиналады.

Ағамыз жасынан өте зерек болды. Келген сайын маған кітаптар әкеліп, оқытып, үйрететін. Фотосуретке түсіріп, оны шығарумен айналысатын. Техникаға әуес еді. Бәрімізді суретке түсіреді. Түнімен түсірген суреттерін шығарады. Біз қасында отыратынбыз. Ерінбей радио арқалап әкеліп, үлкен кісілерге пластинкадан жыр тыңдататын. Айғайлап жыр айтып жатса, бүкіл ауылдың кемпір-шалдары біздің үйге жиналатын.

Қолынан келген көмегін аямайды. Әлі күнге дейін біреу маңдайын тіреп, «Аға» деп келсе, соны бауырына тартып, қолдан келген қолғабысын тигізуге тырысады.

Шешем көріпкел, алдын күн ілгері болжап отыратын, қасиетті молда, айтқаны болатын Тәжімұрат деген кісінің қызы. Екі інісі, бір сіңілісі ертерек өлген. Әке-шешеден ерте қалып, тумаластарын бағып-қаққан. Қазір көзі тірі Тәуір деген жеңгеміз бар. Әбілғазы деген інісінің кемпірі. Жасы сексеннен асты. Үбірлі-шүбірлі.

Құлсары, Боранқұл маңындағы шешеміздің көзін көрген үлкен кісілер осы уақытқа дейін оның шаруақор, балажанды адам болғанын айтып отырады. Ол кездерде тамақ тапшы. Шешеміз бар тәуір асын жалғыз баласына сақтап, Аманжан ағамыздың аузына тосып, баққан.

Аманжан аға бала болса да, каникулға келгенде велосипедімен даладан отындық ағаш, қи тасып, жинап беріп кететін еді», – деп есіне алды.

Ересек болып қалған Аманжан 5-6 кластарды Құлсарыда оқыды. Ол жерде интернат жоқ. Атылла Заханов деген ағайынның үйінде жатты. Әйелі – нағашы апасының қызы. Арасында Шайхы Оразов деген директордың үйіне барып тұрады. Сабақты жақсы оқудан басқа мақсаты жоқ баланың кітабы қолынан түспейді. Әсіресе математика, физика, химия, геометрия секілді нақты ғылымдарға әуес. Болашақта мұнайшы, инженер болу үшін осы сабақтарды жақсы оқу керектігін мұғалімдер де айтқан. Әкесі секілді бұраубайда жұмыс істегісі келеді. Талай қасына барғанмен, балаларды алаңға шығармайтын. Әкесі



айтатын долото, ключ деген заттарды өз көзімен көріп, қолымен ұстағысы келгенмен, үлкендер: «Ол жер қауіпті, балаларға баруға болмайды», – деп, маңына жолатпайды. Жердің астынан мұнай шығаратын бұрғышылардың мәртебесі жоғары. Бала да болса, соны сезеді. Әзірге мектепті бітіргенше, қолынан келері – оқи беру, оқи беру. Әке өсиеті де осы – оқу. Заманында жоқшылықтан оқи алмай қалған әке қолындағы жалғыз алданышы Аманжанды оқытып, ел шаруасына жарарлық азамат етіп шығарғысы келетін. Оңашада баласына айтатын мақалы: «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар!» Әкенің бұл тілегін баласы да ес білгеннен қабыл алып, осы жолға басты мықтап байлаған секілді. Қолынан кітабы түспейді. Мұғалімдер де озат оқушысын ілгері талпындырып, білім бұлағын құлағына құя беруге тырысатын.

Табиғатында ажарқын, кісімен тіл табысқыш Нұрекеннің бойындағы бір қасиеті – жыршылық өнері болатын. Есте сақтау қабілеті өте жоғары, ескілікті әңгімені көп білетін ауыл ақсақалы Жылой аймағында аты танымал жыршылардың бірі болды. Сахнаға шығып өнер көрсетпегенмен, ауыл-аймақтың той-мерекесінде төрден орын алатын оның репертуарында Қашағанның, Бала Ораздың, Мұраттың, Аралбайдың, Ақтанның, т.б. өнер иелерінің шығармалары кездесетін. Бұраубайда бұрғышы тормозын ұстаса, жиын-тойда домбыра ұстап, аузынан өлең-жырдың өзенін ағызатын.

Бұл туралы Аманжанның қарындасы Әсия былай әңгімелейді:

«Әкеміз Нұрғали бала кезінен-ақ өлең-жырға әуес болып өсіпті. Оның бала кезінде байлар арнайы жыршы алдырып, жырлатады екен. Атамыз Өтесін дейтін кісі жыршы болыпты. Содан атпен ана ауылмына ауылға барып, жыр жырлапты. Сонда қасына баласы Нұрғали еріп жүреді екен. Сол кезден көкірегіне жатталып қалған жырларды айтып отыратын. Әбубәкірдің, Қашағанның жырлары деп. Оның таспаға жазылып қалған дауысы бар. Өзі айтатын: «Әкемнің қасында жүріп, үйренгенім ғой», – деп.

Қарақұм совхозының мектебінен үйге кісілер келіп, әкемнің айтқан жырын таспаға түсіріп әкетіп, радиоға қосып, айттырып қоятын.

Сағындық көкеміз бен Нұрғали әкеміз жастау кезінде палуан болған көрінеді. Бірақ біз олардың күреске түскенін көргеніміз жоқ. Бізден бала кезімізде үлкен кісілер:

– Кімнің баласысың? – деп сұрайды дейді.

– Нұрғалидың, – дейміз.

– Е, ана, Сағындық, Нұрғали палуандардың баласы болдың ғой, онда, – десетін.

Өтесіннің әкесі Таңқыбай болыспен бірге туысқан. Таңқыбайдың Әділ деген баласы, Ақажан деген шешемізбен қатар, көрші тұрдық».

Ашық, айналаға қайырымды, жоқ-жұқаға көмектескіш, ағайынның жидашысы, ел ағасы адам. Өзі әңгімешіл, ескілікті шежіреге жетік. Жаратылысынан ірі денелі, жаурынды, жасында балуан болып, күреске түскені Жылой аймағына белгілі болған ақсақал жасы ұлғая келе имандылыққа бет бұрады.

Ескіше сауаты бар Нұрғали жұмыстан қол үзгесін, намаз оқып, ораза ұстаған. Молда жоқ жерде ағайындардың арасында қайтыс болған адамның жаназасын шығарыпты. Ойлап отырсақ, қызыл үкіметтің қылышынан қаны тамып тұрған сол кезеңде құдай алдындағы борышын өтеуге ұмтылып, сәждеге бас қоюы оның имандылықты терең түсінген, парасат-пайымы мол жан екенін көрсетсе керек.

Сабырлы мінезі, қатты дауыс көтеріп сөйлемейтін сырбаздығы баласына да жұғысты болғаны байқалады. Бос сөзге әуестігі жоқ, кісімен сөйлескенде сұрағына толық жауап қайырып, аман-саулықтан көп ұзамайтын, аузына берік кісі көпшілікке мейірімінің молдығымен, адам талғамайтын қарапайымдылығымен, бауырмалдығымен ұнайтын. Осы қасиеттер біздің кейіпкеріміздің бойында да жеткілікті болуы тиіс. Себебі, тұқым қуалай отырып, атадан балаға берілетін тектілік, оның сыртындағы ата-ана тәрбиесі – соған негіз болатын «шикізат».

Нұрекең 1956 жылы зейнет демалысына шығып, өзінен күш кеткесін жалғыз ұлы Аманжанның қасында болуды қалады. Соғыс салған жарақат бар, кәріліктің жел-құзы бар – ауру-сырқау көбейгесін, баласын сағалауды жөн көрді. Туып-өскен жерді қимаса да, 1978 жылы кемпірімен Өзенге қоныс аударды. Он жылдай Маңғыстаудың дәмін татып, елмен араласып, адай шалдарға да Нұреке атанып, 1987 жылы 86 жасында Өзенде өмірден өтті.

Шешесі Теңге – Бессары Таздың қызы. Әкесі Тәжімұрат – үлкен ғұлама, ахун, діндар адам болған. Сондай діндар кісінің қызы Теңге де құдайына қараған, кісіге қиянаты жоқ жан еді. Ері соғыста

жүргенде бел шешпей, білек сыбанып еңбек етті. Колхоздың қара жұмысына жегілді. Не де болса, қара баласын аш қылған жоқ. Құдай дегеніне жеткізді. Аманжаны елге сыйлы азамат болды. Қартайған шағында ата-анасын Жылойдан Өзенге көшіріп алып, мәпелеп бақты. Қашан да елмен тіл табысқыш әкесі көп ұзамай Өзеннің ақсақалдарының арасынан орнын тапты. Әңгімелерін «Адай мен Таз емшектес...» деп бастайтын көнекөздер Ембінің қарт бұрғышысын жатсынған жоқ. Қайта Нұреке деп, сый-қошеметпен бауырына тартты. Өтебай, Мұса деген қатар ақсақалдармен аралас-құралас болды.

Адамға топырақтың қайдан бұйыратынын Алла біледі. Туып-өскен жерде жатқандар көп емес шығар. Сондай-ақ, Аманжанның да ата-анасы Нұрғали мен Теңге марқұмдар талай жақсы мен жайсаңға мәңгілік мекен болған Теңге қауымынан жайларын тапты.

Биыл 9 мамырда Жеңістің 70 жылдығын бүкіл Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы атап өтті. Осы үлкен мереке күні Аманжан Нұрғалиұлы ата-анасына арнап ас берді. Өлі аруақтарға құран бағыштап, тірілердің батасын алды. Оған алыс-жақыннан жекжат-жұрағат, туматуыс, дос-жаран жиылып, атаулы күні айтылған ас дастарханынан дәм татты. «Өлі риза болмай, тірі байымас» дегендей, бүгінгідей бақытқа кенеліп отырған ел ағасы Аманжан Нұрғалиұлының ата-анаға деген құрметін, артында өсіп келе жатқан ұрпағына көрсетіп отырған үлгісін жиналған жұрт тағы бір көрді. «Ата-бабадан келе жатқан жақсы дәстүр, перзенттің ата-анаға деген борышын өтеудің бұл да бір игі жолы» десті.

Ұлы Отан соғысына қатысып, қан төккен әкесі Нұрғали мен сол соғыста шейіт болған ағасы Елеусіннің аруағына бағышталған аста Аманжан Нұрғалиұлы:

– Бұл тек менің туған-туыс, ата-анама ғана емес, сол соғыста шейіт болған жауынгерлердің рухына арнап жайылған дастархан деп біліңіздер, – деді.

Жиынға Құлсары қаласынан келген Аманжан Өтесіновтың ағасы Бақтыбай Қалымбетовпен әңгімелестік. Ардагер қарттың өз аузымен айтқан өмір жолы қиын да, күрделі сокпақтардан құралыпты. Бүгінде арқа-жарқа, елге сыйлы қарт болғанмен, осы дәрежеге жету оңай болмағаны байқалды. Оны төмендегі жолдарды оқи отырып, өздеріңіз де түсінерсіз, оқырман.